



«АСТАНА» ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАРЖЫ ОРТАЛЫҒЫНЫҢ
БІРІНШІ ИНСТАНЦИЯДАҒЫ СОТЫ

17 мамыр 2023

№: AIFC-C/CFI/2023/0006 ic

" SINOHYDRO CORPORATION LIMITED" Жауапкершілігі Шектеулі Серіктестігінің Қазақстандық
филиалы

Талап қоюшы

v

"ҚазАвтоЖол Ұлттық Компаниясы" АҚ

Жауапкер

ШЕШІМ

Сот Төрағасы:

Мәртебелі Лорд Манс

БҰЙРЫҚ

- 1. Жауапкер Талап қоюшыға осы Бұйрық шығарылған сәттен бастап 14 күннің ішінде 2 203 244 303,13 теңге мөлшеріндегі соманы төлеуге міндетті.**

ШЕШІМ

1. Бұл істе Сот Тараптардың арасында жасалған, Жауапкер **"Тапсырыс беруші"**, ал Талап қоюшы **"Мердігер"** болып табылатын құрылыс мердігерлігі шартын қарайды. Ол айтарлықтай уақыт бұрын жасалған және COVID-19 кезеңінде оны орындауға қатысты белгілі бір қиындықтар болғаны сөзсіз; және осы немесе басқа да себептермен болсын, дау туындады.
2. Осы даудың барысында, сайып келгенде, Тараптар істі осы Соттың юрисдикциясына беру туралы шешім қабылдаған №3 Қосымша келісімге қол жеткізілді және мұны Тараптар дауламайды. Бұл Келісім, бәлкім, қазір жоқ болып табылатын тармақтарды – соның ішінде, бастапқы 19 және 20-шы тармақтарды ауыстырған болар, бұлардың соңғысы дауларды шешуге қатысты болып табылады. Бұл бастапқы ережелер, мен айтып кеткенімдей, істің АХҚО сотына бағынуы туралы келісіммен ауыстырылды.
3. Бұл Келісімнің екінші ережесі Тапсырыс беруші арнайы нысаналы шотқа 2 827 132 994,2 теңге ірі сомасында аралық төлем жасайтындығында және Шарттың қолданылу мерзімін осы № 3 Қосымша келісімге қол қойылған күннен бастап 380 күнге дейін ұзартатындығында болды.
4. Келісімде сонымен қатар Дауларды реттеу кеңесінің (бұдан әрі – "ДРК") шешімімен және Жауапкер ұзартуды ұсынуы тиіс болғандығын және көрсетілген мөлшерде аралық төлем жасауы керек болғандығын анықтаған Инженердің шешімімен келіспейтіндігі туралы мәселенің мәні бойынша Тапсырыс берушінің Сотқа жүгіне алатындығы көзделді.
5. Механизм алдын ала төлем деп атауға болатын дереу төленетін аралық төлем жасалатындығында, бірақ бұл ретте Тапсырыс беруші ДРК мен Инженер қабылдаған шешімдерді мәні бойынша тергеу құқығын жоғалтпайтындығында, бірақ оларды осы Сотта даулай алатындығында болды. Және де Тапсырыс беруші осы дауда табысқа жеткен жағдайда, № 3 Қосымша келісімде Соттың ресми шешімі шығарылғаннан кейін 84 күннің ішінде өтемақы сомасын толығымен өтеуге Талап қоюшының міндеттенетіні айтылған.
6. Осы Келісім екі Тарап арасында келісіліп, екеуінің де қолдары қойылды және оның орындалуы міндетті болмауына ешқандай себеп жоқ. Белгілі болғандай, кейбір төлемдер аралық төлем жасау міндеттемесіне сәйкес жасалған, бірақ барлық сома емес. Берешектің іс жүзіндегі сомасы 2 827 132 994,2 теңге емес, 2 203 244 303,13

теңге құрайды. Менің түсінуімше, бұл сома төленуі тиіс сома ретінде дауланып отырған жоқ және, әрине, ешқандай қарама-қарсы дәлелдер ұсынылған жоқ.

7. Арнайы мақсатты шотқа аралық соманың қалдығын төлеу туралы Сот бұйрығын шығару өтініш етілген талап арыз берілгеннен кейін, Жауапкердің жалғыз реакциясы жуырдағы ғана 2023 жылдың 15 мамырындағы құжат болды, онда құр фактілер баяндалған және Соттан талап қоюды қабылдамай тастау өтініш етілген. Онда аралық төлемнің уағдаластыққа сәйкес жасалмауы тиістігінің ешқандай себептері келтірілмей, мәні бойынша дау Соттың кейінірек шешуіне қалдырылған.
8. Ресми ұстаным мынандай - Жауапкер тапсырылуды растаған жоқ және қарсылық та, қарсы талап та білдірген жоқ. Бұл Талап қоюшының сырттай шешім қабылдауға құқығы бар жағдай. Бірақ мен түсіндіріп өткен себеп бойынша, егер Жауапкер тапсыруды растап, мен сілтеме жасаған 2023 жылғы 15 мамырдағы құжатты қарсылық ретінде ұсынған жағдайда да, бұл бәрібір қойылған талапқа жауап бермеген болар еді, өйткені № 3 Қосымша келісімнің бүкіл коммерциялық мақсаты, менің түсінуімше, егер Жауапкер шын мәнінде басқа сома төленуі тиіс деп және ДРК мен Инженердің ұсынғандары қате деп мәлімдегісі келетін болса, арнайы мақсатты шотта Соттың мән бойынша шешімі кейінгі кезеңде күтілетін соманың болуында болып табылады. Сонымен, егер тапсыруды растау мен қарсылық болған жағдайда да, бұл, менің ойымша, Жауапкерге көмектеспес еді.
9. Бұл мән-жайларда мен Соттың Жауапкерге қатысты 2,203,244,303.13 теңге сомасына шешім шығаруына бұйрық беремін. Бұл, әрине, Жауапкерге № 3 Қосымша келісімге сәйкес кез келген арыз беру немесе талап қою құқығын қалдырады.
10. Бүгін мен мұндай арыздар мен талаптардың ешқайсысын мәні бойынша қарастырып отырған жоқпын. Олар мен бүгін қарастырып отырғаннан мүлдем басқа мәселе, атап айтқанда арнайы мақсатты шотқа аралық немесе алдын ала төлем жасалуы тиіс пе тиіс емес пе деген қарапайым мәселе. Мен Жауапкер мұндай төлемді көрсетілген сомада жасауы тиіс және шешім тиісті түрде шығарылуы керек, ал Талап қоюшыға қажет болған жағдайда одан әрі қарайғы құқықтық қорғау құралдары туралы өтініш хат беру еркіндігі берілуі керек деп санаймын.
11. Бүгінгі немесе ағымдағы талқылаумен байланысты шығыстар туралы қандай да болмасын Бұйрық шығарылуы тиістігі немесе тиіс еместігі туралы мәселе тараптар жасайтын жазбаша ұсынымдар тұрғысынан Сот, бәлкім, жазбаша түрде шешуі үшін кейінге қалдырылатын болады. Талап қоюшы өз ұсынымдарын екі жұмыс күнінің ішінде жасауы және беруі, ал Жауапкер осыдан кейін төрт жұмыс күнінің ішінде жауап беруі тиіс.



Сот қабылдады,

Мәртебелі Лорд Манс,
Сот төрағасы, АХҚО соты

Өкілдік ету:

Талап қоюшының атынан «Ассессор» заң кеңсесінің Директоры Ирина Ли ханым өкілдік етті, Алматы қ., Қазақстан.

Жауапкердің атынан «ҚазАвтоЖол» ұлттық компаниясы» АҚ Сыртқы қарыздар департаментінің Аға менеджері Қайратбек Нұрашев мырза өкілдік етті, Астана қ., Қазақстан.